

Abya atlantica

Дінге де жанашырлық көрек

Кешегі санамызға қылау түсіп, бұлыңғыр бұлт торлаган күндерде Ленинді “күн көсем” деп, құдай дәрежесіне көтергеніміз еш жасырын емес. Сондыктан, алдан жарқын күндерді күтсек те, өміріміздегі жат қылыштардың шырмауынан толық арылып болған жокпаз. Ең бастысы, біздің қоғамымызда имандылық құндылықтар жетіспейтін сияқты. Эсіреле, замандастарымыздың рухани жағынан жұтаңдануы алаңдатады.

Меніңше, адамдар санасында олқы түсіп, жетіспей жатқан кемшіліктердің орнын толтыратын бір нәрсе, ол—дін болып табылады. Ал, бүгінгі үгіт-насихат арнасында зиялды қауым өкілдерінің дінді уағыздаудағы рөлі әлі биіктей қойған жоқ.

Кешегі дінсіз қоғам орнатамыз деген заманның өзінде имам, қалпе, молдалар халық арасында өз уағыздарын жүргізді ғой. Жұртшылық та діни ғурыптарды жасырын болса да орынады. Үлкендеріміз тығылып намазын оқып, оразасын үстады. Айт кезінде құрбандық шалды. Тек, жас үрпағымыздың осының бөріне сырттай қатынасқанымен, нағыз берік діни үстанымы болмағанын да білеміз.

Қазір олар өсіп, алды қариялыққа, көбі орта жасқа жетіп отыр. Өмір тәжірибесі кеңестік кезенде қалыптасып, кешегі күндері келешекке деген нық сенімі шайқалып, сыр бергендейтін жаңа заманда алдарында түсініксіз сұрақтар баршылық.

Шынын айтсақ, сол алдыңғы толқын аға буын өкілдерінің бір бөлігі намаз оқып, қажылыққа барып, ислам қағидаларынан білімін толықтырып, қоғамымыздың ұлы көшіне ілігіп, өжептөуір белсенділік көрсетіп жүр. Олар бойларын жаман әдеттерден аулақ салып, әділдікке, адамгершілікке, шыншылдыққа үмтүлуда.

Ендеше, осылай үлкендеріміз үлгі болуга жараса, жастарымыз олардың сондарынан ермей ме?! Қазактың “Әкеге қарап үл өсер, шешеге қарап қыз осер” деген мақалы осы жағдайды бізге қанықтыра түседі. Яғни, жас мемлекетіміздегі он өзгерістерді ескере отырып, әлі де болса халқымыздың, арасында мұсылманлық діни уағыздарды кеңінен тарату керектігі аңғарылады.

Негізінен осы бағыттағы жұмыс одан әрі жандануы тиіс шығар. Әйткені, халқымыздың көпшілігінде берік мұсылманлық көзқарас қалыптасып, имандылық терең бой жайды деп айту қыын. Меніңше, елімізді көркейтіп, халқымызды жаңа заманға сай біріктіреміз, рухани жағынан дамытамыз десек, ең алдымен дінімізді қадірлейік. Сондыктан, Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың: “Біз тегіміз түрік, дініміз ислам екенін ұмытпауымыз керек. Ол үшін қасиетті кітап Құран көрімді насихаттауымыз керек” – деген даналық сөзін бәріміз есте үстасақ дейміз.

Сайлаубек БАЙБОЛОВ.

Астана қаласы.